

## ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ӘОЖ 7.5527

*Амирхамзин, Н.К.*

*педагогика және психология магистрі,  
өнер кафедрасының аға оқытушысы,  
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,  
Қостанай, Қазақстан*

### ТОРҒАЙ ӘНДЕРІНІҢ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА БЕРЕР ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

#### *Түйін*

*Берілген мақала Қостанай облысы төңірегіндегі қасиетті Торғай өлкесінің танымал әндерін жинақтауға арналған. Көптеген танымал әндердің өскелең ұрпаққа берер тәрбиелік мәні ашылған. Бірнеше Торғай композиторларының өмірі мен шығармашылығы жайлы деректер жиналған. Торғайдың табиғатына сай келетін, туған жерге арналған керемет әндер арқылы өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мәселесі зерттелген.*

*Кілт сөздер:* Торғай өлкесі, әндер, композиторлар, ақындар, музыкалық тәрбие.

#### **1 Кіріспе**

Баршамызға мәлім, еліміздің ең дарынды өлкесіне айналған Торғай өңірі тума таланттарға тұнып тұрған киелі мекен. Жалпы ғылымның қай саласын алып қарасақ та, көптеген дарынды тұлғалардың осы өлкеден шыққаны белгілі. Соның ішінде әдебиет, өнер салаларында аты шыққан, есімдері еліміздің тарихында алтын әріппен жазылған небір өнер иелерінің осы өлкеде өмірге келгені таңбалы тарихымыздан таныс. Былайша алып қарасақ, әр жердің өзіне тән әуені, мақамы бар. Мәселен Сыр мақамдары Жетісу әуендеріне, Атырау әндері Семей, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Алтай саздарына ұқсай бермейді. Осы сияқты Торғай әуендері де өзіндік ерекшелігі бар үлкен мектеп. Бүкіл Қазақ елі сияқты Торғай өңірінің де басынан кешпеген ауыртпалығы аз. Қысы қатал, жазы аптап – табиғаты да алғаш көрген кісіні тамсандыра қоймайды. Бірақ осында туып, осында өскен жан үшін Торғайдан асқан жер жаннаты жоқ! Олар туған жерге құдайдай сеніп, құлай сүйеді. Небір ғажайып іс ғашықтықтан, құштарлықтан туады емес пе?! Сондықтан ба екен, осы бір кішкене құс аттас мекен ежелден талантқа бай. Бүкіл елімізге аты мәшкүр қаншама айтулы ақын-жазушылар мен ғалымдар шыққан: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сырбай Мәуленов және т.б. Ән әуелеткен бұлбұл көмей әншілер, күмбірлетіп күй төккен дүлдүл күйшілер де жетерлік.

Сол жан баурап, жүрек тебірентер әндер мен күйлерді тудырған композиторлар да баршылық мұнда.

Ән өнері – халқымыздың қадір-қасиетін, рухани болмыс-бейнесін, таным-табиғатын, өмірлік тәлімін, өнеге-өрісін, тұрмыс-тіршілігін, сонымен қоса адамгершілік этикалық қағидаларын танытатын өнердің бір саласы. Қазақ халқы өз тұрмыс тірлігіндегі қарекеттердің бәрінде де өлең өнерді серік еткеніне өмірдің өзі куә. Өйткені өнердің ықпалы қашан да күшті, сөзі өтімді, тәрбиелік қуаты басым болып келетіні белгілі. Бұдан халқымыздың рухани болмысын, ішкі жан дүниесін, ой әлемін, тереңнен қуат алып ғасырлар бойы жасаған ой-өнерін, тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін, тұрмыс этикасының өзіне тән сипатқа ие болып қалыптасқанын көреміз. Мұның өзі оның құнын жоғалтпай келе жатқан ерекшелігі мен артықшылығы болып табылады.

Қазақтар әндердің басым бөлігін халық аспаптарының сүйемелдеуімен (домбыра, қылқобыз, сырнай, т.б.) орындаған. Әншінің өзі домбырамен сүйемелдей отырып, жеке дауыспен ән айту немесе жеке домбырада күй тарту қазақтардың музыкалық өнерінің негізгі дәстүрлі түрі болды.

Ән өнері жеке адам сезімінен бастап тұтас халық тағдырына дейін сергек үн қосуға мейлінше оңтайлы. Адам қоғамындағы үлкенді-кішілі барша құбылыс әнге арқау бола алады. Ұлы Абай өнердің бұл қасиетін:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең», – деп түйіндеген [1].

Қазақ әндеріндегі философиялық ой тереңдігі үнемі дидактикалық мәселелермен қапсырыла қапталдасқан. Қазақ әндерінің қай жанрын алмасақ та, өнегелі өсиет арқылы, ізгілікті мейірбандыққа, татулық пен бірлікке, адамгершілікке, байсалды мінез-құлыққа, сиқырлы ақылдылыққа насихаттап отырады. Сонымен бірге, қазақ халқының тарихын, өмір сүру тіршілігінің сан қилылығын, қоғамдық көзқарастарын, ақыл-ойының жиынтығын танытады. Қазақ әндерінің дидактикалық, танымдық қасиеті негізгі ерекшеліктерін тағы бір қырынан көрсетеді.

## 2 Материалдар мен әдістер

Торғай – өнерімен нұрланған өлке. Қазақ елінің, өлкеміздің аса көрнекті тұлғалары – осы киелі жердің перзенттері осы өңірде тұрып жатқан жергілікті халық үшін – зор мақтаныш. Біз білетін көптеген композиторлар мен қоса, біз естімеген, дегенмен де Торғай тарихында елеулі орын алатын көптеген өнер тұлғалары бар. Алғашқылардың бірі болып ойға келетін ұлы композиторлардың бірі Болат Хамзин. Қазіргі таңда Торғай өлкесінде саз мектебінің аты Болат Хамзин ағамыздың атында. Болат Хамзин (1938–1991) 1938 жылы Жанкелдин ауданының Торғай ауылында дүниеге келген. Осы ауылдағы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген. 1961 жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториядағы оқуын бітіріп, осы жылдан бастап Торғай ауылында аудандық мәдениет бөлімінде және саз мектебінде қызмет атқарған. Н. Ахметбеков атындағы халық тестры мен «Ғасырлар пернесі» атты фольклорлық халық ансамблінің алғашқы ұйымдастырушысы. Бүкілодақтық республикалық фестивальдердің лауреаты. «Торғай қызы», «Ұялмашы қалқатай», «Аманкелді ұрпағы», «Қайдасың шолпаным, жұлдызым», «Орамал» атты әндерінің авторы. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстанға белгілі композитор.

Алтынбай Сейтқасымов 1957 жылдың 10 тамызында Қостанай облысының Жанкелдин ауданы, Шеген ауылында дүниеге келген. Сол ауылдағы Аманкелді атындағы орта мектепті 1974 жылы бітіріп, комсомол-жастардың қатарында шопан болып еңбек атқарды. Кейін 1978 жылы Ақтөбе қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1980 жылы тәмамдады. Аудандық мәдениет үйінде қызмет атқарып, кейін ұстаздық жұмысқа ауысып, осы уақытқа дейін ұстаздық қызмет атқарып келеді. Шығармашылықпен 1980 жылдардан бастап айналысып келе жатқан өнер қайраткері. Қазіргі кезеңге дейін 35-тен аса әндерінің авторы. Ән мәтіндерін шығармашылық ортадан шалғай жерде болуына байланысты көпшілігінде өзі жазады. Сонымен қатар С. Тұрғынбеков, С. Оспанов, Қ. Әбіл, Н. Мұқатов, т.б. ақын-жазушылардың өлеңдеріне жазылған әндері бар. Ұстазы – Болат Хамзин. Халық арасына кең тараған әндері «Айналайын Торғайым!», «Сен менің жадымдасың», «Кінәліма», «Бала кезім – қаракөзім», «Сағынышым қайда еді?».

Бақытжан Сәуекенов 1951 жылы Торғай жерінде дүниеге келген. Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін бітіріп, Жанкелдин ауданында «Ғасырлар пернесі» атты фольклорлық-этнографиялық ансамблін құрып, өз шығармаларын концерттік бағдарламаға енгізіп аудан, облыс, республика және шет ел көлеміне дейін сапар шеккен. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Жанкелдин аудандық мәдениет үйінің директоры Бақытжан Сәуекеновтың шығармалары ұлттық нақышымен, халықтық сипатының қуаттылығымен ән сүйер қауымға етене жақын. Оның «Қазақ қызы» әні авторлық құқыққа ие болып, бүкіл облыстық ансамбльдері мен жеке орындаушылардың бағдарламаларына енгізілген.

Облыстық және республикалық радиолардан талай әндері шырқалып жүр. Шымкент қаласында өткен Шәмші Қалдаяқовтың ән фестиваліне қатысты. Халық арасына кең тараған мынадай шығармалары бар: «Арайлым менің», «Арқалығым менің», «Шопан жыры», «Кешір мені», «Домбыра», «Сен берген орамал», «Қоштасарда», «Туған жер – Торғайым», т.б. Қостанай облысының меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының лауреаты. Меңдіғара аудандық мәдениет үйінің көркемдік жеткешісі.

Аманкелді Досжанов 1965 жылы шілде айының 18 жұлдызында Қостанай облысының Аманкелді ауылы, Қабырға ауылында дүниеге келген. 1980 жылы Крупская атындағы орта мектепті бітіріп, 1985 жылы Арқалық музыка училищесін тәмамдаған. Сазгерлік өнермен 1985 жылдан бастап айналысады. 1985 жылы облыстық сазгерлер сайысында бірінші орынды жеңіп алған. 1990 жылы Павлодар қаласында өткен республикалар әншілер сайысында жүлдегер атанады. 1993 жылы республикалық «Үкілі үміт» атты әнші-сазгерлер сайысында жүлделі бірінші орынға, 1994 жылы республикалық «Жас қанат» әншілер сайысында, 1996 жылы Ш. Қалдаяқов атындағы Халықаралық әншілер байқауында дипломант атағына ие болған. 30-дан астам әндердің авторы.

Қалибек Деріпсалдин 1953 жылы қаңтар айының 10-жұлдызында Аманкелді ауданы, Батпаққара ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Аманкелді орта мектебін бітіріп, 1973 жылы Жамбыл мәдени-ағарту училищесін қызыл дипломмен бітірген. Жамбыл қаласында «Алатау», «Қызғалдақ», «Шертер» ансамбльдерінде қызмет атқарған. Мәскеу қаласында екі рет гастрольдік іссапарда болып, өнерін көрсеткен. Арқалық қаласында өзінің «Торғай толғауы», «Балауса», Қимада «Гүлдәурен», Аманкелдіде «Торғай толқыны», «Көктем гүлдер» ансамбльдерін құрған. Бүкілодақтық республикалық фестивальдердің лауреаты, 1990–1993 жылдары Алматы қаласының Орталық концерт залында, 2003 жылы Нұр-сұлтан қаласының Президент сарайында шығармашылық кештері өтті. Қазақстанның халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Қазіргі уақытта Қостанай қаласының «Мирас» ансамблінде қызмет істейді.

Қайырғали Әбішев 1951 жылдың 1 желтоқсанында Қостанай облысының Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келген. Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі. Бүкілодақтық фестивальдің екі дүркін, республикалық телефестивальдің лауреаты, дәулескер күйші. Кейінгі жылдары Қостанай қаласының дарынды балаларға арналған Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-интернатының «Ыбырай сазы» ұлт-аспаптар оркестрінің жетекшісі және ұстазы қызметін атқарды.

### **3, 4 Нәтижелер мен талқылау**

Торғай әндерін айтар болсақ, ең алдымен, олардың басым көпшілі туған жерге, елге деген сағыныш тақырыптарын қамтыған. Оған дәлел ретінде Бақытжан Сәуекеновтың «Туған жер – Торғайым», «Арқалығым менің», Бақытжан Байқадамовтың «Жаңа өлке», Бақытбек Сейіловтың «Туған жер», Қонысбай Әбіловтің «Қош бол, туған жер», Алтынбай Сейітқасымовтың «Айналайын Торғайым!» әндерін атауға болады. Әндерде Торғай өлкесінің сұлулығы, керемет табиғаты әсем суреттелген. Сөз бен әннің керемет үйлестігі Торғай өлкесіне осы әндердің танымал болуына әсер еткені анық.

«Өтті сенің талай заман басыңнан,

Ұлылар да қасиетіңе бас ұрған.

Табынамын аруақты далама,

Айналайын туған жерім, туған елім атыңнан», – деп Алтынбай Сейітқасым ағамыз «Айналайын Торғайым!» әнінің сөзін де, әнін де өзі шығарған. Әннің танымалдылығы соншалық, оны қазақ эстрадасының «Нұр-мұқасан» тобы өздерінің репертуарына қосып алған. Композитордың «Айналайын Торғайым!» әнінен басқа «Сен менің жадымдасың», «Кінәлама», «Бала кезім – қаракөзім», «Сағынышым қайда еді?» атты әндері Торғай өлкесіне кеңінен таралған.

Торғай композиторларының қайсынын алып қарасақта олардың қарапайым әндері Торғайдың табиғатына сай келеді, қасиетті жердің табиғатын жырлайды, елге, жерге деген

сезімдерін өздерінің әнімен әсем әшекелеген. Бақытжан Байқадамовтың «Ақ бидай», Құтжан Қанжығалиннің «Диханшы қарт», «Қарт шопан», Болат Хамзиннің «Қайдасың шолпаным, жұлдызым», «Аманкелді ұрпағы», Мақанов Қайыржанның «Туған жерім – сағыныш», Айтбай Мұздахановтың «Дарқан дала», «Байғабылда бір бала», Жұмағали Өмірбековтің «Торғайды аңсау», «Толқындар», Ораз Қожасовтың «Бұлбұл дауысы», Бақытжан Сәуекеновтің «Шопан жыры», «Қазақ қызы», Қалыбек Деріпсалдиннің «Айлы түнде», Қонысбай Әбіловтің «Аңсау» және т.б. әндерді осыған дәлел ретінде ұсынуға болады.

«Байтақ дала төсінен,

Әнге қосып көсілем.

Жасай бер сен, Торғайым,

Қалмай заман көшінен», – деп, Қуанышбай Қазымбек Арқалық қаласынан Торғай өлкесін керемет жырға қосқан [2].

Терең мағынаға толы әндердің ішінен ата-ана, аға-інілерге арналған бір топ танымал әндер тізбегін айтуға болады: Азамат Мұқатов «Анашым», Жанат Темірова «Ана әлдиі», Дәулеткерей Қиқымов «Ананы аңсау», Бақытжан Сәуекенов «Анажан», Есекен Қияқбаев «Әкеме», Айтбай Мұздаханов «Аяулы ана», Балқаш Нақанұлы «Айналайын немерем», Қайырғали Әбішев «Ағама», Болат Молдашев «Анашым» [3].

Қазақ отбасында балалар әнмен өседі. Ән мен жырларды ести жүріп, соларға еліктей отырып, өздері де өнерге үйренеді, музыкалық-эстетикалық және рухани бай болып қалыптасады, сөзге шебер, әнге ұста болуды, суырып салма ақындық өнерін меңгереді. Осындай дарынды жастардың бірі – Жансая Рысмағанбетова. Ол Торғай ауылында дүниеге келген. Ән шығарумен 7-8 жастан айналысады. 1992 жылы дүниеге келген Жансая, жастығына қарамастан 4-5 әндері халық арасында жиі орындалып жүр. Өнерге баулып тәрбиелеген ата-анасы Түлкібек, Бағылан Рысмағанбетовтар отбасы.

Ел есінде қалған осы асқан дарын иелерінің ізін басып, олардың саз өнерінде көрсетіп кеткен өнер үрдісін үнемі өрге сүйреп жүрген қазақ музыка өнерінің жарық жұлдыздарының бірі, дарынды талант иесі Қалибек Деріпсалдин. Ол өзінің өзгелерден өзгеше өнерімен, бойына біткен табиғи талантымен еліне танылып, жұртына жұғысты болып жүрген жан. Өзін «Қостанай өңірінің нарқасқалары – Бақытжан Байқадамов пен Әбілахат Еспаевтың шекпенінен шыққан композитормын» деген Қалибек аға «Торғай әуендері» жинағында торғайлық 35 композитордың өмірбаянын жинақтағанын, олардың әндерін нотасымен бергенін айтады. Одан бөлек, «Көктем қыздар», «Айлы түнде», «Домбыра сазы», «Ерке құсым» ән топтамалары да бар. Ал бесінші еңбегі – қазақ ұлт аспаптар оркестріне арналған «Қимадым ғой» атты партитура.

Қалибек Деріпсалдин Қазақстанның халық жазушылары Мәриям Хакімжанова, Ғафу Қайырбеков, Тұманбай Молдағалиев, Кәкімбек Салықовтың және Серік Тұрғынбеков, Серікбай Оспанов, Нағашыбай Мұқатов, Ақылбек Шаяхметов, Жолбарыс Баязид, Әсия Беркенова, Әлфия Орманшина, Хамитбек Мұсабаев, Бүркіт Бекетов, Ғанижамал Бердалинова сынды ақындардың өлеңіне ән жазған.

Қалибек Деріпсалдиннің «Тобыл-Торғай әуендері» атты екінші ән таспасына композитордың «Қостанай туралы ән», «Айлы түнде», «Ерке құсым», «Киелі Науырзымым!», «Көктем қыздар», «Қостанай-достар-ай», «Адамдар аққуларды атпандаршы», «Тобыл таңы», т.б. әндерімен қоса Болат Хамзиннің «Торғай қызы», Бақытжан Сәуекеновтың «Туған жер – Торғайым», «Даланың ару қызы», Алтынбай Сейітқасымовтың «Айналайын Торғайым!», Шәмші Қалдаяқовтың «Арқалықтың ақ таңы», Қайыржан Мақановтың «Туған жерге сағыныш», «Мәриямның соңғы әні», Азамат Мұқатовтың «Анашым», Жарқынбек Деріпсалдиннің «Меңдіқара – мекенім», Дәмір Қалқаевтың «Қостанай», Қайрат Нұрғазиннің «Арман жырым – аруларым», Жұмағали Өмірбековтің «Неткен сүйікті ен», Нұрболат Арзамастың «Жан анам» тәрізді 22 ән енгізіліпті. Көпшілік әндер Қазақстан эстрада жұлдыздарының репертуарларынан берік орын алған. «Тобыл-Торғай әуендері» үн таспасындағы туындыларды Сәкен Майғазиев, Досымжан Таңатаров, Сүйлеймен Ибрагимов, Есет Сүлейменов, Гүлмира

Сарина, Ғазиза Жүмекенова, Аян Айдынәлиев, Жанатбек Кәдіров, Ботакөз Дүбірбаева, Жарқынбек Деріпсалдин, Нұрболат Арзамасұлы орындайды. Бұл еңбектің басты мақсаты Қостанай мен Торғай өңіріндегі өнер мен мәдениетті насихаттау.

Өсіп келе жатқан жас буын торғай шығармаларындағы, музыка мен әуендегі, табиғаттағы, тұрмыстағы шын мәніндегі көркемдік қабылдау арқылы эстетикалық құштарлықты сезініп қана қоймай, ондай туындыларда кездесетін нәрсіздік пен көріксіздікті де ажырата біледі. Жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде эстетикалық тәрбиенің басты саласының бірі – музыка мен ән.

Музыка адамның жан дүниесін тебіренге отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді.

### 5 Қорытынды

Қорыта келе, Торғай композиторлары өнер арқылы халқымыздың қадір-қасиетін, рухани болмыс-бейнесін, таным табиғатын, өмірлік тәлімін, өнеге-өрісін, тұрмыс-тіршілігін, сонымен қоса адамгершілік этикалық қағидаларын танытты. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-баба сұлу ән, асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетеледі. Мұның өзі от басынан Отан тұтастығына дейін тамырын үзбеген дәстүрге айналды. Шілдехана мен қаралы жоқтау әнінің аралығында да ақын жанды сері халықтың ғұмыры осылай түзелген. Оның жан-сарайын, пайым-парасатын, сұлу сазды әндерін тыңдап, айрықша бағалаған жандар көшпелілер өмірінің бұл ерекшелігін назардан тыс қалдырмаған.

Т. Сәтбаевтің сөзіне жазылған Болат Хамзин ағамыздың «Жас отау» әнінде:

«Шығамыз талай біз әлі,  
Ғарышқа самғап, белестен.  
Шырқайтын талай ізгі әнді,

Торғайлық біздер емес пе?» – деп керемет айтылған. Ендеше баршамыз бірге осы өлкенің тумасы ретінде осындай ғажайып әндерді насихаттау, таратып жатсақ, қазіргі қанаты қатая қоймаған жас ұрпақтың тәрбиесіне азды-көпті әсері тиері хақ.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Құнанбаев А. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
- 2 «Қостанай таңы» облыстық газеті. – 2013. – №103. – 12 б.
- 3 Деріпсалдин Қ. Торғай әуендері. – Қостанай: Костанайский печатный двор, 2007. – 230 б.

Материал редакцияға түсті: 31.05.2020

**АМИРХАМЗИН, Н.К.**

### ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТОРГАЙСКИХ ПЕСЕН ДЛЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

*В данной статье рассматривается содержание сборника популярных песен посвященных Торгайскому краю Костанайской области. В статье определена воспитательная ценность многих популярных песен для подрастающего поколения. Собраны данные о творческой жизни некоторых Тургайских композиторов. Изучена проблема патриотического воспитания подрастающего поколения через песни, посвященные родной земле, любви родному краю, богатой истории Торгая.*

**Ключевые слова:** Тургайский край, песни, композиторы, поэты, музыкальное воспитание.

**AMIRKHAMZIN, N.K.**

### EDUCATIONAL SIGNIFICANCE OF TORGAI SONGS FOR THE YOUNGER GENERATION

*The article is intended to collect popular songs of the sacred Torgay region of Kostanay region. The article reveals the educational value of many popular songs for the younger generation. Collected data on the life and work of several Turgay composers. The problem of Patriotic education of the younger generation through beautiful songs dedicated to the native land, typical of the nature of Torgay is studied.*

**Key words:** Turgay region, songs, composers, poets, musical education.